

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

қазақ тілі грамматикасын да сәйкес нұсқасын береді. Яғни, 1900 жылғы аудармасында Ә.Бөкейхан сөйлемдерді қазақ тілінің грамматикасына бағынбайтын ереже арқылы, орыс тілінен тікелей аударма жасап әр сөйлемнің соңын «деп» деген сөзбен аяқап отырады. Ә.Бөкейхан алғашында орыс тілінен тікелей аударып, қазақ тілінің заңдылықтарына бағына қоймайды да, ал кейін бұл олқылықтардың орнын толтырады.

Ғалым Өмірзақ Айтпаев: «По-нашему, художественный перевод имеет прямое отношение к литературе и к языку. Образно говоря, если сравнить это с возможностью птицы летать только с помощью двух крыльев, то и художественный перевод не может развиваться, совершенствоваться без литературных и языковых принципов» [5], - дегендей аудармашы қандай мықты болса да, ол сол аударып жатқан тілдің әдеби және тілдік принциптерінен аттап кете алмайтыны сөзсіз. Тиісінше, Әлиханнның екі кезеңде аударылған бұл мақаласының екі түрлі болып аударылғаны қалыпты құбылыс.

Қорытынды

Әлихан Бөкейхан да, Л.Н. Толстой да табиғатында адамзатты ұлтына, дініне, тіліне, сенімі мен танымына, түр-түсіне қарап бөлмеген, адамзаттың бәріне тең көзбен қараған гуманист тұлғалар. Л.Н. Толстоймен ойы мен санасы түйіскен Әлихан оның «Сурат кофеханасы» әңгімесін таңдап алып, қайта-қайта көркем аударма жасауы екі тұлғаның бір көкжиек биігінен табыла білгендігі. Сондай-ақ, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан аудармашы ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Әлихан Л.Н.Толстойдан бөлек Ги де Мопасан, О.Уайлд, И.С. Тургенов, Мамин-Сибиряк, Н. Маркс, т.б. жазушылардың туындыларын қазақшаға көркем аударма жасады. Әлихан Бөкейхан алғашқылар қатарында орыс және Еуропа жазушыларының шығармаларын сәтті аударып, қазақ оқырманына жеткізген Алаштың дарынды аудармашы-жазушысы!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. Сочинения. I том. Алаш Орда. Астана, 2018, 608 б.
2. Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. Сочинения. VIII том. Алаш Орда. Астана, 2018, 600 б.
3. Абдрахманов С. Перевод поэзии и поэзия перевода. – Астана: Аударма. 2008, 472 с.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамыту қағидаттары. <https://termincom.kz/articles/?id=70>
5. Айтпаев О. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания., А., 2007, 365 с.

ӘОЖ 17.14.15

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сексенбай Жансая Мырзағалиқызы

jansaya.seksenbay@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Жұмағұл С.Б.

Алаш кезеңі әдебиетінің басты ұраны мен бағыты азаттық рухы, азаматтық ұстаным, қайраткерлік болмыс, ағартушылық бағыт және авторлық дара қолтаңбамен пайымдалады. Жоғары мектептерде педагогтерді даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы да осы ұстанымдарды негізге алуы тиіс.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты ретінде «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық

құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген [1]. Бұл мақсаттың құрамдас бөліктерінің бастауы алаш кезеңі әдебиетінің, алаш қайраткерлерінің ұстанымдарымен астасып жатқанын байқаймыз. Олай болса білім беру жүйесінде, әсіресе жоғары білім бағытында алаш кезеңі әдебиетінің оқытылуына баса назар аударылуы маңызды.

Бұл бағытта білім беру бағдарламаларының мазмұнын алаш идеясымен астасып жатқан құндылықтар жүйесін негізге ала отырып саралап көреміз. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның оқу-ағарту хақындағы еңбектері біздің сөзімізге тұздық бола алады. Сол кезеңнің өзінде кәсіби білікті маман даярлау мен заманға сай білім берудің өзектілігін анық білген Алаш қайраткері ұлттық педагогикалық тәлім-тәрбие мен ұлт рухында өсіп-өнген қазақ баласының әлемдік ақыл-ой ғылымдарынан сусындауын нұсқаған. «Терең энциклопедиялық білім иесі Әлихан жаһандық оқу-ағарту саласында қалыптасқан кейбір дәстүрлі оқытудың әдіс-тәсілдеріне сын көзімен қарап, ұлттық дүниетанымға үйлесе бермейтін педогогикалық пайымдардың қисынсыздығына өз уәжін айтты. Сан ғасырлық рухани құндылықтар тұрпайы социологизм тезіне алынып, пролеткультуристікпен таза мансұқталып жатқан бассыздықты тежеу мақсатында адамзаттық гуманизм биігіндегі өміршең тәжірибелерге иек арту ғана қоғамдық ілгерілеуге жол ашып отыратынын парасат биігінен зерделеді» [2;486] Алаш ардақтыларының ой-санасындағы білім беру ісі ұлттық бояу мен ұлттық тәрбиеге сөзсіз басымдық берілген, дей тұрғанмен бүгінгі күні де білім мен ғылымды дамытудың алғышарты боп отырған адамзаттық гуманизммен астасып жатқан тәрбиенің рөлі айқын көрінеді. Білім мен ғылымның әлемдік талаптарына қайшы келмейтін ұлттық тәрбиенің рөлін енгізуде, жүйелеуде және жобалауда алаш идеясымен астасып жататын тұжырымдар мен бағдарламалар ұсынудың қисыны бар.

XXI ғасыр – жаһандану дәуірі болғандықтан, заман келбеті күн сайын құбылып, ғылым мен білім де соған сай өзгеріс үстінде. Жаңғырып отырған адам, қоғам, мемлекеттің де бұл үдерісі ғылыммен дәлелденеді. Бүгінгі өмір салты әр мемлекет, әр ұлт, әр қоғамға өзінің талабын қойып, заманауи үдеріске икемдеп алады. Осы қайнаған қазанда ұлттық бірегейлікті сақтап, мемлекеттік даралығымызды танытудың басты жолы – жаһандану құндылықтарын өз құндылығымызбен синтездеп, астастыру. Оны жүзеге асырудың негізгі тетігі – ұрпақ тәрбиесі, білім саласы. Әсіресе нарыққа қажет маманды даярлау, жас ұрпаққа білім беру ісімен айналысатын болашақ педагогтерді оқыту ісінде өзекті тақырып. «Адамның ішкен тамағы мен киген киімін айтпағанда, оның тұрғылықты географиялық аймағы мен ауа райының адам психикасына ерекше әсер ететінін ғылым да растайды. Сондықтан, білім беру жүйесіндегі жаңалықтың бәрін еуропалық мәдениетке ұқсай бермейтін өзіндік ұлттық даралығымыз (идентичность) бен территориялық ерекшелігімізді ескере отырып енгізуге тиіспіз. Тағы да ұлы жазушымыздың (автордан: ұлы жазушы – М.Әуезов) өндірдей жас кезінде жазған мақаласына оралайық. Ол өзінің «Япония» деп аталатын мақаласына Еуропаның даму моделінен көп дүниені үйреніп, аз уақыттың ішінде дамудың даңғыл жолына түскен Жапонияның тәжірибесін сараптайды, саралайды» [3;188-189]. Алаш арыстары бұл ұстанымды тек қағаз бетінде ғана емес, іс жүзінде де көрсете білді. Батыс пен орыс ғылымының іргелі еңбектеріне сүйене отырып, қазақ танымына сай, қазақ баласына түсінікті болатындай оқулық жазып қалдырды. Алаш құндылықтары шын мәнінде осыны жүзеге асыруға, қазақ баласының білім бәйгесінде еркін көсілуі үшін қызмет етеді. Бұл туралы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Нұрбол Құдайберген былай дейді: «... «Нұр-Отан» партиясының жанындағы Саяси зерттеулер институты қазақстандықтардың құндылықтар жүйесі жайлы арнайы зерттеу жасады. Келтірілген деректерге сүйенсек, бүгінде отаншылдық, патриоттық сезім азаматтарымыздың тек 13 пайызы үшін ғана маңызды екен. Бұл нені көрсетеді? Алаш арыстары үшін ең басты құндылыққа айналған Отаншылдық сезімінің бүгінде күрт төмендеп кеткенін көрсетіп отыр. Сондықтан, біз білім беру жүйесін пайдалана отырып, алаштық құндылықтарды ұрпақ санасына қазірден сіңірсек, ертең сан соғып қалу қаупі бар. Алаш құндылықтары – жалпыадамдық құндылықтармен ұштасатын бірегей құндылықтар» [3;190].

Алаш құндылықтары деген ұғымның өзіне тоқтала кетейік. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлы алаштық құндылықтарды былайша анықтайды: «кез келген сауаты бар адам тарихты бүгіннің шындығымен байыптап түсінеді. Сондықтан, мың сөзді бірер ұғымға сыйдырып бергенді қалап тұрады. Міне, осы тұста «Алаш құндылықтар» деген ұғым аузымызға түседі. Оны жүйелесек, былайша айқындалады:

Ұлт тарихындағы сапалы, жарқын, мемлекетшіл істердің жиынтығы;

Ұлт пен қоғамды, мемлекет пен елдікті дамытқан жеке және дара тұлғалардың еңбегі мен мұрасы;

Тарихқа және қоғамның қазіргі жағдайына принципті көзқарас ұсыну;

Елшілдікке суырылған білімді, ғылымды, мәдениетті қоғам мен оны үйлестіретін саясаттың тетігіне, құралына айналдыру [4;17-18].

Қазіргі білім беру жүйесінде, жоғары мектептерде даярланып жатқан мамандардың бойында заманауи құндылықтар мен Алаш арыстары ту еткен құндылықтарды дарытудың маңызы зор. Бұл жөнінде Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі ғалымдары әзірлеген монографиядағы мына тұжырымдарды да мысалға келтіре аламыз: «Университет беретін білімді құрастыру мен беру функцияларынан басқа қоғамда әртүрлі рөлді ойнай алатын моральдық тұрғыдан дені сау адамдарды шығарады. Жалыпқа бірдей қабылданған мінез-құлық нормаларын, өзіне деген сенімділік пен жоғары құндылықтарды қабылдау түлектердің қоғамда маңызды орынға ие болуына көмектеседі. Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың хас жауы», - деп жазды. Яғни жақсы мінез қалыптастыру мансапқа жетуден кем емес екенін студенттер түсінуі керек. Бұл адамның өзін-өзі тануын жақсартады» [5;52]. Монографияда құндылыққа бағдарланған тәсіл білім беру үдерісінің мазмұндық негізін айқындайтынын дәлелдеп көрсетеді. Сондай-ақ, қазіргі қолданыстағы құндылық жүйелерін түзету қажеттігін атап өтеді. Құндылықтардың илеологиялық рөл атқаратынын да ескере отырып, мемлекеттің тұрақты дамуы мен өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды бағыт екенін көрсетеді. Құндылық бағдарын сіңіру түлектердің моральдық тұрғыда сау адам болуы, технологиялардың ықпалын бағдарлай алуы, алуан құндылықты қоғамда қызмет ете алуы, мемлекеттің тұтастығы үшін маңызды екеніне тоқталған. Монографияда Жоғары білім берудегі негізгі 4 құндылық көрсетіледі:

Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;

Құрмет

Ынтымақтастық;

Ашықтық.

Осы құндылықтардың Жоғары оқу орындарындағы іске асырылуы, білім беруде назарға алынуы әр оқу орнының жеке жауапкершілігіне тікелей байланысты болып қалады. Ұлттық білім беру стандартындағы құндылықтарды тәрбиелеудегі рөлі мен әрекеттері білім ордаларының құндылық бағдарын сәйкестендірудегі басты қадамы саналады. Ал Жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының бекітілген стандарттары ортақ болғанымен, бір білім бағдарламасы екі университетте әртүрлі оқу пәндері арқылы жүзеге асуы мүмкін. Сәйкесінше, мақсат бір болғанымен оны құрастырудағы бағдар білім беру құндылықтары әртүрлі боп шыға келеді. Болашақ мамандарға берілетін конструктивті көзқарасты жетекші деп тануға байланысты құндылықтар дайын түрде берілмес үшін, олардың саналы түрде қалыптасуына мүмкіндік беретін бағдарламалар ұсынылуы тиіс. Алаш идеясымен астасып жатқан жалпыадамзаттық құндылықтардың жоғары оқу орнының қызметінде көрініс табуы үшін қосымша тетіктер қажеттілігі туындайды.

Қорытындылай келе, жоғары білім беру орындарында білім беру бағдарламаларын әзірлеудің негізгі тұжырымдары мен теорияларына қоса құндылық бағдары үшін келесі талаптарды ұсынамыз:

Білім алушылардың теориялық білімі мен құндылықтар туралы түсінігінің практикада бекітілуін негізге алу;

Білім алушыларды тек тұтынушы тұрғысынан ғана емес, өз оқу ортасын жобалаушы ретінде де қатыстыру;

Педагогикалық білім бағдарламаларының барлығына ортақ мақсаттағы Алаштың ағартушылық идеясын негізге алған оқу пәнін әзірлеу;

«Ар ілімінің» бағдарымен астасатын гуманизм, адамзаттық құндылықтарға бағдарланған теориялық және практикалық білімді әрбір пәннің мазмұнын сараптауда жетекші индикатор ретінде белгілеу;

Бұл ұсыныстар болашақтың кепілі болатын жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті, елге қызмет ететін, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға болып қалыптасуына әсер етеді деп білеміз. Білім беру жүйесін өзгерту арқылы, оны іштен жобалау арқылы еліміздің ертеңі үшін маңызды қадамдар жасай аламыз. Бұл қадамдар жаңа өзгерістер мен даму жолында жаңа жетістіктерге жеткізеді. Жаһандық бәсекелестік дәуірінде техника ғылымдарымен қатар рухани білімнің, тәрбиенің рөлін қайта түлетіп, Алаш арыстары негізін салып кеткен құндылықтарға негізделген білім беру арқылы қатарға қосуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Құраст.: С.Байдалы, Е.Тоқтарбай. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2016.-520 бет.
3. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Құраст.: С.Байдалы, Е.Тоқтарбай. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2016.-288 бет.
4. Д.Қамзабекұлы. Алаш жолы – мәңгі елдің маңызды жолы. / ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Алматы: «Экономика», 2014. - 440 б.
5. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография / А.Сағынтаева, А.Мусина, А.Сулейменова, Р.Қаратабанов, Қ.Құрақбаев, Д.Пристли, - Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б.

ӘОЖ 17.01.82

МАҒЖАН МҰРАСЫ – ҚАЗІРГІ ТАТАР ӘДЕБИЕТІНДЕ

Таштан Әсел Бақытжанқызы

t_asel_b@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.

Қазақ пен татар халқы – туысқан, бауырлас халық. Екі ел арасындағы өзара байланыстар өмірдің әртүрлі салаларында әсіресе, әдебиет пен рухани мәдениет саласында көбірек көрініс табады. Қазақ халқының сөз өнері дамуының тарихында оның өзге халықпен әдеби байланысы қалыптасып, қарым-қатынасы нығаюда. Сондай халықтың бірі – татарлар. Халқымыздың көп ғасырлар бойы татар елімен тығыз байланыс орнатып келе жатқаны белгілі. Осы жөнінде ғалым Б.Ысқақов: «Расында қазақ пен татар халқының арасында туыстық, достық қарым-қатынастың түп-тамыры сонау терең тарих түпкірінде, көне ғасырлар қойнауында жатыр. Бұған ең алдымен олардың шыққан тегінің бір болуы, сөйлейтін тілдерінің туыстығы, көп ғасырлар бойы көрші-қоңсы тұруы, бір мемлекеттің құрамында өмір сүруі себеп болды», - деген пікір айтады [1]. Міне осы байланыс әдебиетке де әсер етіп, өзара жақындасуға себеп болды.

Ғалым өзінің 1976 жылы жарық көрген «Қазақ-татар әдеби байланысы» еңбегінде әдебиет байланысын тарихи тұрғыдан зерттейді. «Әдебиет байланысын тарихи тұрғыдан